



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТАН АЛЫС ЖАТЫР



Биыл 13 маусымда «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» заңның қабылданғанына 21 жыл толады. Осы аралықта Үкіметтің 2017 жылғы 30 маусымдағы №406 қаулысымен «Қазақстанның туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы» және 2019 жылғы 31 мамырдағы №360 қаулысымен «Қазақстанның туризм саласын дамытудың 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді.

(Соңы 3-бетте)

СҮЙНІШІ

БАЙҚАУ БАСТАЛДЫ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар. Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Достұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ!
ІСКЕ СӨТ!

ҚҰРМЕТ

АРДАГЕР-СУДЬЯЛАРҒА АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

Кәсіби мерекені белгілеудің өзіндік мәні бар. Бұл әр мамандықтың қоғамдағы орнын айқындап, мәртебесін арттыру үшін керек. Сонымен бірге, кәсіби мереке – өз саласында жемісті еңбек етіп, жоғары нәтижеге қол жеткізген майталмандардың ісін үлгі етудің, көпшілікке насихаттаудың таптырмас мүмкіндігі. Салада табан аудармай жұмыс істеп, үздік көрсеткішімен көш бастаған мамандарды кәсіби мерекеде марапаттау да елімізде әдемі үрдіске айналған. Мұның өзі әр мамандық иесі үшін кәсіби мерекенің болуы маңызды екенін айғақтайды.

Осы тұрғыдан алғанда биылғы жыл судьялар мен сот қызметкерлері үшін ерекше болғалы тұр. Себебі биылдан бастап 24 маусым – судья және сот қызметкерлері күні болып бекітілді. Жалпы, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңның 4-бабында кәсіби және өзге де мерекелерді белгілеудің тәртібі нақтыланған. Мұндай мерекелік күндердің тізбесін ҚР Үкіметі белгілейді. Осылайша Премьер-Министр Әлихан Смайылов қол қойған 2022 жылғы 31 наурыздағы тиісті қаулыда кәсіби мерекелер тізімі жаңа күнмен толығып отыр.

Ал бұл қаулыға қол қойылмай тұрып судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесін белгілеу мәселесі «Ашық НҚА» порталында талқылауға

ұсынылған болатын. Талқылау биыл ғана көпшілік назарына шығарылғанымен, сот саласында еңбек етіп жүрген қауымның кәсіби мерекені белгілеуге қатысты пікір-ұсынысын айтып келе жатқанына біраз уақыт өтті. Шындығында мемлекет атынан үкім ету құзыреті берілген сот билігінде қаншама адам еңбек етіп жүр. Адам тағдыры таразыға салынатын сот алаңында төрелік жасау оңай шаруа емес. Сондықтан, судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесін белгілеу – сала мамандарына мемлекет тарапынан жасалған ілтипат, құрмет ретінде бағаланары анық.

Бұл мереке ең алдымен тәуелсіз сот құрылымының қалыптасуына, дамуына өлшеусіз үлес қосқан

аға буын ардагерлердің күні. Ардагер-судьялар сот саласындағы тәлімгерлік мектебінің негізін қалап, жас судьялардың тәжірибесін шыңдауға, біліктілігін арттыруға септігін тигізді. Жастарды қанатының астына алып, күрмеуі қиын сот жұмысының әліппесін үйретуге ұстаздық еткен, жол көрсеткен ағаларымызға алғысымыз шексіз. Мырзақұл Ертаев, Қамытбай Сыпабеков, Оралбай Құдайбергенов, Айтжан Бекназаров, Ділдабек Тойжанов, Айдар Жүсіпов секілді ардагер-судьялардың әрқайсысы бір-бір мектеп. Үлкен тәжірибемен, ізденіспен келген олардың үлгі-өнегесін ешбір мектеп алмастыра алмайды. 2001 жылы Мақтаарал аудандық сотына маман ретінде қабылданған кезде Мырзақұл Ертаев соттың төрағасы еді. Салаға жаңа келген менің білмегенімді үйретіп, тәжірибемнің шыңдалуына алғашқы төрағамның еңбегі көп болды. Жалпы өзімді тәлімгер ағадан жолы болған жан деп білемін. Өйткені, Мақтаарал аудандық сотына кейін төраға болған Қамытбай Сыпабеков те көргені көп, өмірден тоқығаны мол жан еді. Тау тұлғалы ағамыз қандай мәселені де сабырлы, байсалды қалпын бұзбай шешетін.

(Соңы 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

ОНЛАЙН ЖӨРМЕҢКЕ: ЖҰМЫС БАР, КЕПІЛДІК ЖОҚ

Табысын арттыру үшін халықты сапалы жұмыс орнымен қамтамасыз ету керек. Бұл жөнінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова Үкімет отырысында айтты, осы бағытта жүзеге асырылатын шараларды ортаға салды.

Сөзіннің басында министр 2000 жылдардан кейін дүниеге келген ұрпақтың есейгенін, жыл сайын осындай 300 мыңнан астам жастың еңбек нарығына қосылатынын атап өтті. Соның нәтижесінде, жұмыс күшінің жаңа сапалық құрылымы қалыптасып жатыр. Бүгінде жалпы жұмыс күшінің 60 пайызы миллиондар мен Z буынның еншісінде. Осы үрдіс, қазіргі күрделі ахуал және алдағы ықтимал сын-қатерлер жұмыспен қамту саясатын қайта қарау қажеттігін көрсетіп отыр. Онда азаматтарды жай жұмыспен қамту емес, шын мәнінде сапалы жұмыс орнын беру арқылы халықтың табысын арттыру басты міндет болмақ.

(Соңы 3-бетте)

ҚҰРМЕТ

АРДАГЕР СУДЬЯЛАРҒА АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол кісінің «Сотқа келген әрбір адамның өз шындығы бар, біз ақиқатын анықтауымыз керек» деген тағлымды сөзі әлі күнге құлағымда жаңғырып тұр. Сот саласындағы жұмысымда Оралбай Құдайбергенов ағамыздың тәрбиесін көріп, өнегесін үйрену бақыты бұйырды. Жастардың жанашыры болған ағаларымның мен үшін әрқайсысының орны бөлек. Сондықтан, кәсіби мерекеледе аға буынның еңбегін дәріптеп, алғыс айту жазылмас қағидаға айналуы тиіс деп ойлаймын.

Сондай-ақ, бұл мереке арам-з-

дағы үздіктерді анықтауға, өлшеусіз еңбегі сіңген жандарды марапаттауға таптырмас себеп. Еңбектің бағаланғаны дұрыс. Ұжым өнімді жұмыс істеп, өзгелерден алда болуы үшін саптың басында тұрған мамандарды ынталандыратын абзал. Әсіресе, саналы ғұмырын бір ғана салаға арнап, сот жүйесін дамытуға бар күш-қайратын, ерік-жігерін жұмсап келе жатқан мамандардың табандылығы да айрықша мақтауға тұрарлық. Қаншама қиындық болса да, көптеген кедергі кездесе де саланы тастап кетпеген жандардың мамандыққа деген махаббаты бас иіп, өнеге етуге әбден лайық. Бүгін-

гідей тұрақтылық, адалдық деген қасиеттер ұмытыла бастаған қоғамда кәсібін сүйетіндерді үнемі насихаттап отыру артықтық етпейді.

Жалпы, үздіктерді әділ іріктеу – ұжымдағыларды қамшылаудың, белсенді болуға итермелеудің кепілі. Сондықтан, кәсіби мерекеледе тек лайықты жандардың ғана мерейі үстем болуы тиіс. Кәсіби мереке – ұжымды бір мақсатқа біріктіруге, бір мүдденің айналасына топтастыруға көмектесетіні де ұмытпағанымыз жөн.

Арман ШЫНДАЛИЕВ,
Жетісай аудандық сотының төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

ЖҮЙЕНІ ЖЕТІЛДІРУ САПАНЫ КӨТЕРУГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Әрбір ұлт үшін тәуелсіздіктен артық құндылық жоқ. Тәуелсіздік біздің бағымыз. Егемен ел болудың арқасында Қазақстан өз алдына дербес мемлекет атанды. Әр сала дамудың даңғыл жолына түсті. Тәуелсіздік түлеткен құрылымның бірі – сот.

Кеңес одағы ыдырап, Қазақстан өз егемендігіне ие болған оліара шақта кез келген салада іркілістің, дағдарыстың болғаны белгілі. Сол бір сындарлы кезеңнің қиындықтарын сот жүйесінде еңбек еткен ардагер-судьялардан, сот қызметкерлерінен артық ешкім айтып бере алмас. Тәуелсіз сот жүйесінің қалыптасу кезінде қызмет еткен әріптестеріміздің барлығы тозығы жеткен сот ғимараттарында, өз қаржысына қағаз-қаламын алып қызмет етудің қаншалықты қиын болғанын үнемі естелік етіп айтады. Алайда, өз мамандығына шексіз берілген әріптестеріміз қиындыққа мойымды, кемшілікке түсіністікпен қарады. Солардың жанкешті еңбегінің нәтижесінде сот жүйесі дамыды, жанданды, жаңғырды. Олар осы қызметімен отандық сотты ғана ілгерілетіп қоймай, жас мемлекеттің де аяғынан нық тұрып, кемелденуіне үлесін қосты.

Армансыз алға басу, жоспарсыз жүйелі жұмыс жүргізу әсте мүмкін емес. Бүгінгідей биікке жетуіміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында белгілеген межеміздің дұрыстығын, бағдарымыздың адастырмағанын көрсетеді. Отыз жылдық тарихында талай табысқа қолжеткізген сот саласының игі істерін мемлекет тарапынан жасалған қолдаудан бөліп қарай алмаймыз. Жалпы, сот жүйесінің даму жолдары мемлекеттің даму жолымен сабақтас. Өйткені, озық елдер сапына ілескен Қазақстанның соты да сол халықаралық талаптардың биігінен табылуы тиіс болатын.

Еліміз егемендік алған сәттен бастап сот жүйесі қоғамдық заңдылықтарға негізделген іздену, қалыптасу, даму жолдарынан өтті.

Осы жылдар ішінде биліктің дербес тармағы саналатын сот жүйесі қоғамдық қатынастардың орнығуына, мемлекеттің саяси беделінің артуына, заңдылықтың бағалануына қомақты үлес қосты. Салаға тәжірибелі, терең білімді, заңдылық пен әділдік қағидаттарын ерекше бағалайтын, халқына адал, антына берік азаматтар іріктелді. Сот корпусын білікті судьялармен қамтамасыз ету мақсатында үміткерлерге қойылатын

бағыттарының бірі – қолданыстағы заңнаманы ізгілендіру екені белгілі. Бұл бағытта да қоғамның сұранысы ескеріле отырып, іргелі істер жасалды.

Сот саласының кешегісі, бүгінгі, ертеңі туралы айтқанда сот алаңында пайда болған алқа билер соты, мамандандырылған соттар, соттардың санкция беру құзыретінің кеңеюі, медиация институты туралы айтпай кету мүмкін емес. Мұндай



талап күшейді. Тәуелсіздік алған кезең мен қазіргі кезеңде судьялықтан үміткер жандарға қойылатын талап жер мен көктей. Бұл төрелік етер жандарға қойылатын талаптың жыл өткен сайын өскенін, қатайтылғанын көрсетеді.

Отыз жылдың ішінде қазақстандық сот көптеген заңдарды қабылдап, құқықтық құжаттарды жаңғыртуға бастамашы болды. Өйткені, заңның пәрменділігі, маңыздылығы теориялық негізінің сауатты құрылуына емес, тәжірибеде өзін-өзі ақтағанына қарап бағаланады. Ал құжаттардың қоғамға қажеттілігін, оқалықтың жоқтығын тәжірибе барысында анықтау тек соттың құзырындағы шаруа. Бұл міндетін де сот жылдар бойы мінсіз атқарып келеді. Сот-құқықтық реформаның басты

жаңашылдықтар қазақстандық сотты халықаралық талаптарға жақындатып, халықтың сот арқылы құқығын қорғау тетігін кеңейтті, істердің жедел, сапалы, оңтайлы қаралуына жол ашты.

Мемлекеттің болашағын жарқын етер осындай бастамаларды темір-қазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беру баршамызға парыз. Еліміздің басты байлығы саналатын халықтың мүддесіне қызмет ету, азаматтар сенімінен шығатын сот жүйесін құру жолындағы ізденістер әлі де жалғаса береді.

Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,
Талдықорған қалалық әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

БАСТАМА

СЕРВИС СЕНІМНЕН ШЫҚТЫ

Заман бір орында тұрмайды. Бүгінгідей табиғи байлық емес, адамның ойы, интеллектісі жоғары бағаланатын заманда білімнің, ізденістің құндылығы бұрынғыдан да арта түскені ақиқат. Себебі, табиғи байлықтың әйтеуір бір азаяры, таусыла-ры анық. Ал білім мәңгілік қажетке жарайды. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғаріп», «Білегіңе сенбе, біліміңе сен» дегенді бабаларымыз бекер айтпаса керек. Тек оны дұрыс бағытқа жұмсай білу керек.

Қазір барлық салаға жана өзгерістер енгізілуде. Мақсат – халыққа көрсетілетін қызметтің сапасын арттырып, оңтайландыру, жеделдету. Сала мамандарының жұмысын жеңілдету, ізденуіне мүмкіндік беру, қызметін зор ынтамен істеуіне жол көрсету де жаңашылдықтардың басты алғышарты.

Мысалы, сот саласына жана технология жетістіктерінің енгізілуі іргелі өзгерістердің басы болды. Әсіресе, 2014 жылы «Сот кабинеті» бірыңғай ақпараттандырылған сервисі енгізілгенде оған қызығушылық танытқандар көп бола қойған жоқ. Тіпті, сервис жұмысты жеңілдетеді, қағазбастылықты жоюды, адами факторды кемітеді, кезек, артық құжат сұрау жойылады дегенде көпшіліктің сене қоймағаны рас. «Сот кабинеті» қызметі арқылы сотқа электронды түрде жүгінуге болады дегенді жұртшылық ертегідегідей қабылдады. Алайда, уақыт өте осы артықшылықтардың бәрі шындыққа айналды. Бүгінгі таңда мұнда 600 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген. 2014 жылы талап-арыздардың 5% ғана электронды түрде берілсе, бүгінде бұл көрсеткіш 92%-ға жеткен. Өзін-өзі толық ақтап, көпшілік ризалығына ие болған бұл қызметтің бүгінде мобильді нұсқасының бар екенін де айта кеткен абзал.

Өмір бір орында тоқтамайды. Алдағы уақытта азаматтар игілігіне қызмет ететін мұндай бастамалар жалғасын таба бермек.

Айнұр ШАХМЕТОВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

СОТ ХАТШЫСЫ БОЛУ – АБЫРОЙ



Ақжайық ЕСІМ,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы

Сот – әділдік алаңы. Қос тарап іске соңғы нүкте қойылғанша өз сөзінің дұрыстығын дәлелдеуге тырысатын бұл алаңда кімнің ақ, кімнің қара екенін айту тек судьяның құзырында. Сот отырысына қатысушылардың әділдік алаңынан көретіні судья ғана. Сондықтан да азаматтардың сотқа қатысты көзқарасының қалыптасуына судьяның білімі, сот отырысында өзін-өзі ұстау мәдениеті, сөз тыңдау, сауал қою, теңгерімді бұзбау әдебі ықпалын тигізеді. Сот отырысында көргені, тыңдағаны судья болғандықтан, халық сот құрылымы тек судьялар қызметінен тұрады деп ойлайды. Ал шын мәнінде әр сот ғимаратындағы жұмыстың тиянақты жүргізілуі, сот құжаттарының дұрыс рәсімделуі, сот отырысының өз ретімен өтуі кеңес қызметкерлерінің, сот мамандарының жанкешті жұмысының, жауаптылығының арқасында.

Судьялар қызметін қамтамасыз етуде сот отырысы хатшыларының еңбегі ұшан-төңіз. Сот хатшысы – судьяның қолнағаты, көмекшісі, жанашыры. Шындығында сот мамандарының қызметі сот отырысының хаттамасын жүргізіп, қатысушылардың жауабын қағазға мұқият түсірумен шектелмейді. Бір іске байланысты дайындалатын құжат-

тардың өзі аз емес. Өйткені, сот өндірісіне түскен әр істі сот қарауына дайындаудың өзіне қаншама уақыт кетеді, тыңғылықты жұмыстар жасалады. Оның бәрін шашауын шығармай ұйымдастыруда сот хатшылары көп еңбектенеді.

Әрине, қазіргі сот хатшыларының жұмысын тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еңбек еткен сот хатшыларының жұмысымен салыстыра алмайсың. Әр істің хаттамасын алдымен қолмен жазып, кейін бүкіл соттағы санаулы машинкаға кезекке тұрып басатын бұрынғы мамандардың тауқыметін сөзбен айтып жеткізу қиын. Ал қазіргі сот хатшыларының жұмысы әлдеқайда жеңіл. Себебі, кейінгі жылдары Жоғарғы Соттың бастамасымен сот жұмысына заманауи технология жетістіктерінің жаппай енгізілуінен көпшілік хабардар. Жаңа технология мүмкіндігін пайдалана отырып соттағы құжат айналымы электрондық форматқа ауыстырылды, істерді судьяларға автоматты түрде бөлу тетігі енгізілді. «Сот кабинеті», «Төрелік» сервистерінің сала жұмысын жеделдеткені, сапасын арттырғаны, ашықтық, қолжетімділік принциптеріне сай дамытқаны рас. Соның ішінде сот мәжіліс залдарының толықтай дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен қамтылып, барлық сот отырыстарының таспаға жазылуы сот хатшыларының жұмысын айтарлықтай жеңілдетті. Осы жаңашылдықтың нәтижесінде архивке сот отырысының таспасымен бірге сот хатшысының қысқаша хаттамасы ғана тіркелетін болды. Сот отырысына байланысты сұрақ туындағанда тараптар таспаны кез келген уақытта сұратып, көшіртіп ала алады.

Сот отырысының талапқа сай өтуіне қолдан кедергі жасаған, сот хаттамасын қате толтырған хатшыларға жауаптылық көзделген. Жалпы, судьялардың жұмысы мен имиджі оның жанындағы сот отырысы хатшысының ұйымдастырған жұмысына, жауапкершілігіне, сауаттылығы мен адалдығына тәуелді. Сондықтан әрбір сот хатшысы өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарып, қызметіне адал, тиянақты болғаны жөн.

БЕЗБЕН

Әр дәуірде, әр елде сот қызметіне деген қоғамның қызығушылығы бір мысқал да кемімеген, сәйкесінше судья қызметіне де үлкен мән берілген. Сот пен судьяның маңызын қазақтың ежелгі заңдарынан да байқау қиын емес. Төрелік еткен билердің кесімін бұлжытпай орындап, төбесіне көтерген бір ел болса, ол – біз. «Дауды шешен бітірмейді, би бітіреді», «Би бол, би болмасаң би түсетін үй бол» деген тағлымды сөздер бидің ел ішіндегі биік беделінен хабар берсе керек. Қазіргі судьялар – сол билердің ізін жалғаушы. Судьялардың да міндеті ел ішін даудан сақтап, азаматтардың құқығын қорғау, тура төрелік жасау. Сот өндірісіне түсетін іс материалдар санының көптігі сот саласына деген сенімнің жоғары екенін дәлелдейді.

Соңғы жылдары сот органдарына жүгінуші азаматтар мен заңды тұлға-

МАМАНДАР ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

лардың қатары артты. Бұл көрсеткішке қарап қоғамда дау, қылмыс саны көбейді деген қате түсінік қалыптастырмаған жөн. Шын мәнінде бұл құқықтық қоғамда кез келген түсінбеушілік, даудың заңды жолмен, сот арқылы шешілетінін көрсетеді. Құқықтық сауаты жоғары азаматтардың көбеюі де арыз-шағымдардың сот арқылы таразылануына түрткі болуда. Ал азаматтардың сенімінен шығып, үмітін ақтау үшін сот жұмысы жүктеменің жоғарылығына қарамастан сапалы, жедел, сауатты жүргізілуі қажет. Мұндайда судьялармен қатар сот қызметкерлеріне де жүктелер міндет жоғары.

Сот қызметкерлері – өз саласының шын жанашыры, жоқтаушысы. Істің ілгері басуына осы қызметкерлердің

білімі мен кәсіби шеберлігі игі әсерін тигізеді. Судьяның әр істі тура мерзімінде, еш кедергісіз қарауының ар жағында сот қызметкерлерінің тынымсыз жұмысы жатыр. Құжаттардың реттілігі, сот отырысының дұрыс ұйымдастырылуы істі қарауда шешуші рөл ойнайды. Бұл жерде сот қызметкерлерінің әдебі туралы да айтпай кетуге болмайды.

Сот ғимаратына келген азаматтарды алғаш қабылдайтын да, бірінші қызметті көрсететін де, тіпті телефонның ар жағында тұрып негізгі сауалдарға жауап беретін де – сот қызметкерлері. Сондықтан олардың әдебі, өз саласын жетік білетіні, қарапайымдылығы осы алғашқы кездесуден-ақ байқалып тұруы керек. Жүктемесі көп, жұмысы ауыр, жеке басында мәселе туындағанына қа-

рамастан азаматтармен сыпайы тілдесу, ақыл-кеңес беру, дұрыс жол сілтеу сот қызметкерлерінің міндеті. Азаматтардың салаға қатысты көзқарасы алғашқы әсерге қарап қалыптасатындықтан, әрбір сот қызметкерінің сөзінен, қимылынан жоғары мәдениеттің белгілері байқалып тұруы маңызды. Мамандардың жұмысы сот мәртебесіне лайық болуы керек.

Сондай-ақ, сот – барынша ашық, қолжетімді құрылым болғанымен, төрелік алаңындағы кейбір мәселелердің көпшілікке жария етілмеуі, құпия сақталуы өзекті. Дау-жанжалдар сарапқа салынған тұста небір тосын жағдайларға куә болатын сот қызметкерлерінің қызмет барысында өзі білген, көрген мәліметтерді жұртшылыққа

жария етпеуі әдебінің жоғарылығынан хабар береді. Мамандардың «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі» басшылыққа алып, қиыс қадамға бармайтыны да сондықтан.

Қазіргі уақытта отандық сот жүйесінде терең теориялық білімдерін жұмыс тәжірибесімен ұштастырып жүрген, саяси сауаттылықтары мен көзқарастары жоғары, өз ісіне адал, білікті мамандар қызмет атқарады деп нық сеніммен айта аламыз. Біздің адал еңбегіміз қоғамға өте қажет, біздің еңбегіміздің нәтижесі болашақ жаңаруымыздың, кемелденуіміздің кепілі.

Рахила САЛЛИКОВА,
Маңғыстау аудандық сотының кеңес меңгерушісі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТАН АЛЫС ЖАТЫР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер мемлекеттік бағдарламаның нысаналы индикаторларына көз жүгіртсе болсақ 2025 жылы: сырттан келушілердің саны 9 млн адамға дейін, оның ішінде шеттен келген туристердің санын 3 млн адамға дейін ұлғайту; ішкі туристердің санын 8 млн адамға дейін ұлғайту; туристік салада жұмыс істейтіндердің санын 650 мыңға дейін өсіру; орналастыру орындары көрсеткен туристік қызметтер көлемінің 2,5 есе өсуі (270 млрд теңгеге дейін); негізгі капиталға инвестициялар көлемінің 3 есе өсуі (600 млрд теңгеге дейін) тиіс.

ЖІӨ-дегі туризмнің үлесін кемінде 8% жеткізуге бағытталған бағдарламаны іске асыру барысында 2017 жылы «Kazakhstan Tourism» ұлттық компаниясы» АҚ құрылған болатын. Ондағы басты мақсат ішкі және халықаралық нарықтарда Қазақстанның имиджін ілгерілету бойынша практикалық шараларды іске асыру болды. Ал 2019 жылы туризм саласында көрсетілетін қызметтер мен сервистің сапасын жақсарту үшін Түркістан қаласында Халықаралық туризм және меймандостық университеті құрылды.

Саланы дамытуға жұмсалған бюджет қаржысы да, тартылған инвестиция да жыл сайын өспесе кеміп жатқан жоқ. Мәселен 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджетте қарастырылған жалпы шығын 1 385 695,8 млн теңгені құрады. Оның 268 291,8 млн теңгесі мемлекеттік, 172 167,9 млн теңгесі жергілікті бюджеттен, 945 236,2 млн теңгесі басқа көздерден қарастырылды.

Ұлттық парктер туризмнің дамуына ықпал ете ала ма?

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалық базаны жетілдірмек. Министр Серікқали Брекешевтің 1 маусымда Үкімет отырысында жасаған баяндамасына қарағанда, олар мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Экология министрлігіне мынадай мәселелер бойынша құзырет беру бөлігінде бірқатар түзетулерді пайсықтауда. Оның біріншісі, халықты қауіпті табиғи құбылыстардың (селдер, қар көшкіндері, көшкіндер) әсерінен қорғау және сел-көшкінінен қорғау құрылыстарын салу үшін – Ерекше қорғалатын табиғи аймақ жерлерін босалқы жерлерге ауыстыру. Екіншісі, инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету коммуникацияларын жүргізу бөлігінде инфрақұрылым салу үшін Ерекше қорғалатын табиғи аймақ жерлерін ауыстыру (қолданыстағы редакцияда жолдар, электр беру желілері және құбыржолдар ғана көрсетілген). Үшіншісі, ерекше қорғалатын табиғи аймақ ішіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды елді мекендерге көшіру.

және инженерлік инфрақұрылымды елді мекендерге көшіру.

– Ұлттық парктердегі экологиялық туризмді одан әрі дамыту үшін әкімдіктер ұлттық парктерге инженерлік инфрақұрылым тарту жұмыстарын жалғастыру қажет. Өз кезегінде, министрлік инвестициялар тарту және азаматтарды экологиялық ағарту арқылы табиғатты сақтауды ескере отырып, туристерге ұлттық парктер аумағында қолайлы жағдайлар жасау жұмыстарын жалғастырады, – деген Серікқали Аманғалиұлының сөзіне қарағанда Қазақстанда қазір жалпы ауданы 2,7 миллион гектарды құрайтын 14 ұлттық парк бар. Былтыр оларға шамамен 1,5 млн турист келді. Бұл 2020 жылға қарағанда 40 пайызға жоғары (892,6 мың). Ұлттық парктер аумағында халықаралық тәжірибені ескере отырып соңғы жылдары жаңа маршруттар және соқпақтар салу арқылы экотуризмді дамыту жұмысы жүріп жатыр. Бір ретте заманауи визит-орталықтар, глэмпингтер, кемпингтер, казак-этноауылдары мен керуен – сарай салу да назардан тыс қалмады. Мәселен Алматы облысының ұлттық парктерінде қазірдің өзінде 685 км туристік маршруттар мен соқпақтар жайғастырылды, 12 км жолға жөндеу жүргізілді және электр беру желілерін жүргізу үшін жонбалық-сметалық құжаттама әзірленді. Сондай-ақ, «Транстелеком» акционерлік қоғамымен бірлесіп «Көкшетау» ұлттық паркінің Зеренді көлі мен «Алтын-Емел» ұлттық паркінің бақылау-өткізу пунктіне келушілер үшін интернет желісі қосылды. Іле Алатауы, Көлсай көлдері, Шарын, Жоңғар Алатауы, Тарбағатай, Катон-қарағай, Қарқаралы, Бұйрағатау, Баянауыл, Көкшетау және Сайрам-Өгем ұлттық парктері келушілердің онлайн кіру билеттерін сатып алу үшін «kaspi.kz» төлем қызметтеріне қосылған.

ЖІӨ-дегі туризмнің үлесі өсе ме?

Туризм және саяхат бойынша бүкіл-әлемдік кеңестің мәліметтеріне қарағанда туризм саласының ЖІӨ-дегі үлесі әлем елдерінде 0,5-тен 79,4 пайызға дейін жетеді. Мәселен, Мальдив аралдарында ол 79 пайызды құраса, Грузияда – 27, Тайландта – 20,6, Түркияда – 12,5 пайыз шамасында. Ал елімізде ол 2019 жылы 5,6 пайызды, 2020 жылы 6,2 пайызды құрады. Егер әлемдік экономикада 2019–2020 жылдары туризм саласының үлесі 10,4-тен 5,5 пайызға дейін азайғанын ескерсек, біздің көрсеткіш көңіл жұбатарлықтай болып көрінері күмәнсіз. Алайда бұл көрсеткіш қанағаттанарлықтай деуге келмейді. Өйткені, туризм саласындағы әрбір жұмыс орны өзімен бірге өзге салаларда ең кемінде қосымша 10 жұмыс орнын ашуға түрткі болатынын әлемдік тәжірибе көрсетті. Ал бізде бұл бағыттағы жұмыстар әлі күнге дейін барлық өңірде бірдей басты назарда тұрған жоқ.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Раушан ШӘМІЛҚЫЗЫ,
Туризм индустриясының ұлттық қауымдастығы төрағасы:



– Ұлттық парктерге қазір инвесторлар тартылуда. Алайда бәрі өз білгендерімен ғана жұмыс істеп жүр. Олардың тарапынан әзірге бұл жұмысты туристік компаниялармен бірлесіп жүзеге асыруға деген қызығушылықты байқамадым. Онда ұлттық ерекшелік толық ескеріліп жатқан жоқ. Шетелден көргендерін түгел көз жұмып көшіріп алмай, оны жергілікті халықтың салт-дәстүрімен сабақтастырса деген тілегіміз бар. Өйткені, бізге келген шетелдіктер өзге жерден көрген тек Қазақстанға ғана тән ұлттық дүниелерді көргісі келеді. Егер бәрі жүйелі түрде қарастырылып, жан-жақты жоспарланса ондағы жұмыстардың тиімділігі, өнімділігі басқаша болары күмәнсіз. Ал өздерінің жасаған жобасын ғана дұрыс санап, бәрін өз қалауы бойынша жоғарыдан шешіп жатқан құзырлы органдардың әрекеті тек есеп беруге ғана негізделгендей әсер қалдырады. Сондықтан «Kazakhstan Tourism» өзінің не үшін құрылғанын және кімге қажет екенін енді ғана түсіне бастады. Ал туризм саласында көрсетілетін қызметтер мен сервистің сапасын жақсарту үшін құрылған Халықаралық туризм және меймандостық университеті Түркістан қаласында сол күйі өзімен-өзі қалып қойды. Егер ол Алматыда ашылғанда бәрі басқаша болуы мүмкін еді. Өйткені, бұл жоғары оқу орны Түркістанда емес, Алматыда ашылатын болса Азия даму банкі аймақтық деңгейде маңызды бар сала ретінде туризмге өз тарапынан қаржы бөлуге дайын екенін мәлімдеген болатын. Соның нәтижесінде туризмге қатысты мемлекеттік саясат әлі күнге толық бір жүйеге түспей келе жатыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл міндетті орындау үшін қазір жүзеге асырылып жатқан іс-шаралармен қатар, жаңа бағыттар бойынша жұмысты жандандыру қажет.

Министрдің айтуынша, бұл бағытта бірінші бос жұмыс орындарына онлайн жәрмеңке өткізу арқылы жастарды еңбекпен қамту қолға алынады. Биыл мамыр айында ERG компаниялар тобымен бірлесіп, білім беру ұйымдарының тұлғаларын және 35-ке дейінгі жастарды жұмысқа орналастырудың онлайн-жәрмеңкесі пилот-

Үшінші, жұмыспен қамтудағы маңызды бағыттардың бірі – платформалық жұмыспен қамтуды тану және заңдастыру. Пандемия кезіндегі шектеу шаралары жер жүзінде жұмыспен қамтудың заман талабына бейім тәсілдерін қолдануға тың серпін берді. Бұл үрдістен Қазақстан да шет қалған жоқ. Соңғы жылдары нақты секторға қарағанда, қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылғандардың саны өскен.

Сараптамалық мәліметтерге сәйкес Қазақстанда 500 мыңға дейін адам платформалық жұмыспен қамтылған. Яғни, азаматтар Яндекс, Убер, Вольт және Глово сияқты түрлі онлайн-платформалар арқылы

ОНЛАЙН ЖӨРМЕҢКЕ: ЖҰМЫС БАР, КЕПІЛДІК ЖОҚ

тық режимде өткізілді. Компания 350 жұмыс орнын ұсынды. Бір аптаның ішінде жұмыс берушінің талаптарына сәйкес келетін 159 жас іріктеуден өтіп, жұмысқа қабылданды. Олардың арасында еліміздің барлық өңірінің өкілдері бар.

– Пилоттық жобаның қорытындысын Білім және ғылым, Ұлттық экономика, Цифрлық даму министрліктерімен жан-жақты зерделедік. Талқылауға тау-кен, металлургия саласындағы кәсіпорындардың және «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының өкілдері де белсене қатысты, – деді министр. Оның айтуынша, өзі жетекшілік ететін құзырлы орган бұл компаниялармен жылдың соңына дейін электронды еңбек биржасына 20 мың бос жұмыс орнын орналастыру туралы келісімге келіпті. Оның ішінде IT саласы мен «Ауыл – ел бесігі» жобасы да бар. Министр бос жұмыс орындардың алғашқы онлайн-жәрмеңкесі 24-30 маусым аралығында өтетінін айтты.

Екінші, ұлттық жобалар аясында жұмысқа орналастыру. Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша, биыл ұлттық жобалар аясында 269 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылмақ. Бүгінде электронды еңбек биржасына 691 кәсіпорын 1 мың инвестициялық жобадан ашылатын 13 609 жұмыс орнын ұсынып отыр. Онда тек біліктілік талаптары ғана емес, сонымен бірге төленетін еңбекақы мөлшері және жұмыс орнының сипаттамасы да берілген.

– Жобалардың және ондағы бос жұмыс орындарының тізімі аталған жобалардың әзір болуына қарай алдағы уақытта толықтырылып отырады. Біз жалпы жұмысқа тарту ісін электронды биржа аясында жүргізуді қолдап отырмыз. Оның ашықтығы және қолжетімділігі жұмыспен қамту мәселелерінің жаңа мәдениетін қалыптастыруды және мемлекет қолға алып жатқан бастамалардан халқымызды толық хабардар ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді, – деді министр.

жұмыс істейді. Мұндай режим тұрғындарға ыңғайлы екені сөзсіз. Алайда, оның басты кемшілігі – жұмыспен қамтылғандар үшін әлеуметтік кепілдіктің жоқтығы. Бір сөзбен айтқанда, ондай азамат жұмыссыз қалса немесе жұктілігіне және балалы болуына байланысты жұмысын тоқтатса, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан қажетті әлеуметтік төлем ала алмайды. Осыған байланысты, Дүйсенова ханым бұл азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне тарту үшін, онлайн платформалардың негізгі операторларымен кездесулер өткізілгенін, олармен бірге биылғы 1 шілдеден бастап қамту схемаларын пилоттық режимде жүргізу туралы шешім қабылданғанын мәлімдеді.

Төртінші, азаматтардың жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру және өз ісін ашуға мемлекеттік қолдау көрсету. Бұл ретте министр мемлекеттің мақсатты топтарға тиімді және тұрақты жұмыс орнын ашатын мекемелерге субсидия бөлетінін, биыл осындай 100 мың жұмыс орны жоспарланып, оған бюджеттен 77 миллиард теңге қаражат бағытталғанына назар аударғанын, Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша, бүгінге дейін 84,4 мың азамат осындай жұмысқа тартылыпты.

Тамара Дүйсенова технологиялардың даму қарқынын ескере отырып, жұмыс күшінің біліктілігі мен машығын үнемі жетілдіру керектігіне назар аударды. Жұмыс берушілердің талабына сәйкес, биыл 36 мың адамды оқыту және қайта даярлықтан өткізу жоспарланған. Қазірдің өзінде 9 мыңнан астам азамат бұл мүмкіндікті пайдаланып отыр. Бүгінге дейін Электронды еңбек биржасы арқылы 91 мың адам жұмысқа орналасты. Жалпы, мемлекеттік қолдау шаралары аясында биыл 500 мыңнан аса адамды жұмыспен қамту көзделіп отыр.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ҮКІМЕТ САҒАТЫ

ГАЗДЫҢ ЖАЙЫ МӘЗ ЕМЕС

Елімізде тұрғындарды көгілдір отынмен қамтамасыз ету деңгейі жылдан жылға артып келеді. Мәселен, былтыр, жалпы халықтың 58 пайызына жуығы көгілдір отынға қол жеткізген екен. Алайда, газдандыру деңгейімен бірге газды тұтыну өсетінін ескерсек, әлі де осы тұрғыда шешімін күткен мәселелер аз емес.



Бұл ең алдымен Қазақстанның 2060 жылға қарай өнеркәсіп пен экономиканы көміртексіздендіру бағытымен тығыз байланысты. Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2030 жылға қарай Қазақстанның энергетикалық теңгерімдегі газ көлемін 25 пайызға жеткізу міндетін қоюы кездейсоқ емес.

Екіншіден, еліміздегі газды тұтынушының өсуіне біздің көптеген тау-кен және балықты, жылу-электр стансалары мен өңдеуші кәсіпорындардың көмірден газға біртіндеп көшетіні де бұл мәселені өзектендіре түседі. Қазірдің өзінде осы бағытта жаңа жобалар қолға алынуда. Сондықтан, еліміздегі газды тұтынушы артып келе жатқанына байланысты ресурстық базаның айқындалып отырған жеткіліксіздігі ерекше алаңдаушылық туғызады. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде Энергетика министрлігі өткізген үкімет сағатында айтылды.

Жиында Мәжілістің Экология және табиғатты пайдалану комитетінің төрағасы Александр Милотин саладағы біраз түйткілді ортаға салған еді. Оның айтуынша, соңғы 12 жылда еліміздегі газдың жылдық тұтынуы екі еседен астам – 9-дан 18,6 млрд м3-ге дейін өсіпті.

Мұндай цифрлар газ тапшылығының орын алуы туралы айтылған болжамның оптимизмге жетелемейтінін көрсетеді. Осы жайлы сөз сарбақтаған Милотин мырза қазірдің өзінде Қазақстанда газ тапшылығы бар екеніне, мұны сұйытылған газ бағасының алыпсатарлық секірістерді растайтынына назар аударғанын айтты.

Энергетика министрі Болат Ақшұлақов өз баяндамасында Атырау, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында газ тасымалдау жүйесінің тозығы жетуі салдарынан газды нақты тасымалдау уәкелелердегі рұқсат етілген қысыммен шектелетінін айта келіп, бұл жүйені жаңғырту және кеңейту үшін 500 млрд теңге сұраған болатын. Депутат бұл қаржының берілу қажеттігін атап көрсетті. Осы орайда ол тұрғындар мен кәсіпорындарды газбен үздіксіз және қауіпсіз қамтамасыз етудің маңыздылығын, сондықтан газ тасымалдау жүйесін жаңғырту, жаңа желілерді салу бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қажеттігін мәлімдеді.

Сонымен қатар газ тасымалдау жүйелерінің қатты тозуының негізгі себебі жайлы да өз ойын ортаға салды. Оның айтуынша, құбырлар мен жабдықтардың ескіруі көбінесе

тауарлық газдың сапасына байланысты. Өкінішке қарай, барлық көгілдір отын, әсіресе, күкірт құрамы бойынша белгіленген талаптарға әлі де сәйкес келмейді. Нәтижесінде газ құбырлары тез тозып, бұл тұтынушылар үшін отын бағасының көтерілуіне әсер етеді. Сондықтан мемлекеттік органдар тауарлық газдың тиісті сапасын қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар қабылдауы керек. Еліміздің солтүстік және шығыс өңірлерін газбен қамтамасыз ету мәселесі ерекше назар аударуға тұрарлық.

Милотин мырза Энергетика министрлігінің тауарлық және сұйытылған мұнай газының бағасын кезек-кезеңімен көтеруге бағытталған саясатына қатысты да ойымен бөлісті. Оның айтуынша, Қазақстандағы және басқа да көршілес елдердегі газ бағасын салыстыратын болсақ, расында, мұндай саясат өзін ақтайтын сияқты. Бірақ біздің тұрғындардың бұл мәселеге өте сезімтал екенін ескере отырып, министрлік пен жергілікті атқарушы органдар халыққа кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет. Атап айтқанда, Қазақстанда газ Қытайдан 8 есе, Ресейден бір жарым есе, Қырғызстаннан 4 есе арзан екені бәрша қазақстандықтарға белгілі болуы керек. Газ бағасының төмендігі оның өндірісінің өсуін ынталандырмайды. Өйткені өндірушілер қазіргі уақытта шығынмен жұмыс істейді және мұндай жағдайға ұзақ уақыт төтеп бере алмайды. Әлемдік тәжірибеде сұйытылған газ бағасы бензин бағасының шамамен 70 пайызын құрайтынын халық білуі керек.

Сөз алған өзге депутаттар жалпы Үкіметке мүмкіндігінше бұл саладағы тезірек барлық ықтимал тәуекелдерді барынша азайтуды, ішкі нарықта тауарлық газдың көтерме бағасы көтерілген жағдайда халық үшін бөлшек сауда бағасын тежеудің қосымша тәсілдері мен тетіктерін табу қажеттігіне назар аударғаны.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БИТІМ

«ҚЫЛ ӨТПЕСТЕЙ ТАТУЛЫҚТЫ БІР АШУҒА САТПАС БОЛАР»

Қазақтың ежелгі заңдарының қай-қайсысын алсаңыз да бітімгершілікке негізделген. «Алдыңа келсе атаңның құнын кеш» деген аруақты сөздің өзі қазақтың кеңдігін, кемелдігін көрсетеді. Кешірім сұраған жанға кеңдік танытып, көктесудің соңын сыйластықпен түйіндеген бабаларымыздың бұл әрекетінде көркем мінезі, дархан көңілі жатыр.

Дау-жанжалды ашумен емес, ақылмен шешуге үндейтін ежелгі заңдардың басында тұрған хан, билердің даналығы да тәңгі етпей қоймайды. Содан да болар, қанша ғасыр өтсе де Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, өз Тәуке-нің Жеті жарғысы өз құнын жоғалтпай келеді. Осы құнды жәдігерлердің негізін қалаған Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің төрелігі де бүгінгі ұрпақ кадрлейтін өлмес мұра.

Ынтымақ пен бірлікті дәріптеген билерден алар үлгі-өнегеміз аз емес. Дала заңының дәстүрін бүгінге жеткізген билер қос тарапты теңдей тындап, тура төрелік айтуымен тарихта қалған. Сол бабалар мұрасын жаңғыртып, билер жолын жалғастыру бүгінгі ұрпаққа аманат.

Кешегінің билері – бүгінгі судьялар. Ал «Медиация туралы» заң дала заңын бүгінгі қоғамға бейімдеген заманауи құжат десек қаталаспаймыз. Дау-жанжалдың басым бөлігін медиация арқылы бітіретін өркениетті елдер тәжірибесі осы заңның арқасында Қазақстанда да кең қолданыла бастады. Әрі бұл аты таңсық көрінгенімен, медиацияның қазақтың қанында бар екеніне, бітімгершілік – қазақы заңның басты қайнары болғанына көпшіліктің көзін жеткізді.

Бұл заңның қолданысқа енгізілгеніне де он жылдан аса уақыт өтті. Осы уақыт азаматтарға медиацияның мән-маңызын түсіндіру үшін ғана емес, тиімділігі мен ыңғайлылығын сынап көру үшін де

жеткілікті болды. Қоғамда әділдік сұрап, дауласып жатқан адам көп. Құқығы тапталғандар өз мүддесін қорғау үшін сотқа жүгінеді. Дауды сотта шешу азаматтар үшін сенімді, заңды, қалыпты болғанымен, оның машақаты аз емес. Істі сотта таразылау көп уақытты алады, әуре-сарсаңды көбейтеді, қаржылық шығынға алып келеді. Бұдан бөлек, қос тараптың жүйкесін тоздырады, арадағы сыйластыққа сызат түсіреді. Осышама әурешіліктен кейін тараптардың сотта жеңетініне де кепілдік жоқ. Ал дауды азайтудың бірден бір жолы – медиация институты.

Медиацияны қолдану даулардың тез әрі тиімді, оңтайлы шешілуін қамтамасыз етіп, тараптардың материалдық шығынының азаюына, адамның моральдық түрде шаршамауына ықпал етеді. Дауларды татуластыру, бітімге келу жолымен сотқа жеткізбей шешуде медиаторлардың көмегі зор. Қазіргі медиаторлар кәсіби тұрғыдан өскен, өз саласының жұмысын жетік меңгерген. Медиаторлар көбейген сайын азаматтарда таңдау мүмкіндігінің де артқанын айта кеткеніміз жөн. Бүгінде тараптар көптеген істе оң нәтижеге қолжеткізген, өзіне жүктелген міндетті сапалы атқарған, танымал медиаторлардың көмегіне жүгіне алады.

«Медиация туралы» заң қабылданған алғашқы кезең мен қазіргі уақытта қызмет етіп жүрген медиаторлардың кабинет-қарымы мүлде салыстыруға кел-



Толенті БОРАНОВ,
Әуезов аудандық №2 сотының судьясы

мейді. Кезінде Жоғарғы Сот тарапынан кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың шоғырын қалыптастыру, халыққа таныстыру, жұмысын жандандыру үшін көптеген шаралар атқарылды. Медиаторлардың тізімін жасауда, ел ішінде беделі бар азаматтарды осы кәсіп айналасына топтастыруда да Жоғарғы Соттың көмегі көп. Тіпті, аудандық, қалалық сот ғимараттарынан медиаторларға арнайы бұрыш, бөлек кабинетті ұсыну арқылы да соттар медиативтік келісімдердің көбеюіне көмегін тигізді. Әрине, істердің соттың құзырына жетпей, медиациялық жолмен шешілуі судьяларға тиімді екені рас. Сот жүктемесінің азаюы судьялардың уақытын үнемдеп, назарын негүрлым күрделі істерге аударуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар жүктеменің төмендеуі қазылардың ізденуіне, жана заңдармен танысуына, қоғамдық мәселелерге үн қосуына жағдай туғызады. Ендеше, медиацияны дамыту ең әуелі елдегі дауқестікті төмендету үшін керек болса, екіншіден, азаматтардың әуре-сарсаңының алдын алып, уақыт, қаржы, жүйкесін құртпау үшін тиімді. Бұған қоса, медиация сот жүктемесін азайтып, жұмыс сапасын көтеруге де ықпалды болып отыр. Сондықтан, алдағы уақытта да медиацияның артықшылығын насихаттап, медиаторлардың біліктілігін көтеру бағытындағы жұмыстар жалғаса бермек.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

МӘМІЛЕ

Дала заңы сан ғасыр бойы тыныштықтың шырақшысы болып келді. Ал 2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» заң осы дала заңының жалғасы іспеттес. Бұл заң алғаш қолданысқа енгізілгенде оның маңызын, мақсатын түсінгендер аз болды. Содан болар, медиатордың қызметіне, медиацияның маңызына қатысты сауалдар жиі қойылатын. Бірақ, жаңа бастаманы таныстыру, жолға қою бойынша жүргізілген кең ауқымды шаралардың нәтижесінде медиацияның тиімділігіне көпшіліктің көзі жете бастады.

КӨПШІЛІКТІҢ ҚАЛАУЫ – МЕДИАЦИЯ

Медиацияны дамыту, ілгерілету мақсатында қолға алынған жұмыстар нәтижесіз емес. Дауды сотқа дейін және сотта татуластыру арқылы шешу тәртібі заңмен бекітіліп, медиацияны жүзеге асырушылар қатары артты. Тараптарды татуластырып, дауды ортақ мәмілемен реттеуге енді медиаторлардан бөлек, ауыл ақсақалдары, билер кенесі, адвокаттар, татуластырушы-судьялар да араласа бастады. Жоғарғы Сот тарапынан жүзеге асырылып жатқан жобалардың, меморандумдардың да медиацияның дамуына тигізер ықпалы зор.

Десек те, медиацияның пайдасын, дауды сотқа жеткізбей шешудің тиімділігін насихаттау бір сәт те тоқтамауы керек. Әрине, медиацияның маңызын түсінбейтін азаматтардың дауды тек сот қарауына ұсынуы қалыпты жағдай. Халықтың мәселені жұлдырықпен шешпей, заңды жолмен шешуге талпынуы қоғамда құқықтық сауаттың өскенін білдіреді. Соның ішінде медиацияның негізгі басымдықтына тоқталмай кету мүмкін емес. Біріншіден – еріктілік. Медиацияға тараптар өз еркімен барады, медиаторды да өз қалауымен таңдайды. Сәйкесінше екі жақ медиациядан кез келген кезеңде бас тартуға құқылы.

Екінші басымдық – медиация тараптарының тең құқылығы. Медиациялық келісім жасағанда екі жақтың құқығы бірдей. Олар медиаторды, медиация тәртібін, ондағы өз ұстанымын, оны қорғаудың әдістері мен құралдарын таңдауда, ақпаратты алуда теңдей құзыретке ие. Бұл да медиацияны таңдауға түрткі болар басты себеп. Үшінші басымдық – дауды қарайтын медиатор тәуелсіз және екі тарапқа да бейтарап тұлға болады. Медиацияны жүргізу барысында медиатор тараптарға, мемлекеттік органдарға, басқа заңды, лауазымды және жеке тұлғаларға тәуелді болмайды. Екі жаққа да бейтарап болғандықтан медиатор екі жақты тең тындап, екі тараптың да мүддесін ескеріп, олардың келісімге тең қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

Медиациядағы бірден-бір артықшылық – құпияның сақталуында. Медиация қатысушыларының дауды қарау барысында өздеріне мәлім болған мәліметтерді жариялауға құқысы жоқ. Ол тек ақпарат берген адамның жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады. Құпияны сақтамағандарға әкімшілік жауаптылық көзделген. Сондай-ақ, медиаторды да өзіне мәлім болған мәліметтер бойынша куәгерлікке тартуға, тергеуге алуға болмайды. Осындай басымдыққа ие болғандықтан, кейінгі кезде дауласып келген азаматтардың татуласу арқылы тарқасатыны жиі байқалады. Бұл құптарлық жағдай. Бейбітшіліктің бесігі болған елімізде келіспеушіліктің бәрі бітіммен бітсе нұр үстіне нұр болмақ.

Жанар ЕСЕМБАЕВА,

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ТҮЙТКІЛІ

ӘР ОТБАСЫН АЖЫРАСУДАН САҚТАП ҚАЛУ – ҮЛКЕН ЖЕҢІС

Отбасы – Отанның тірегі. Әр шаңырақта татулық пен сыйластықтың салтанат құрып, мейірім мен жанашырлықтың жоғалмауына ең алдымен мемлекет мүдделі. Өйткені, тату үйдің түтіні түзу шығады. Ерлі-зайыптылар жарасымды өмір сүрген соң, олар тәрбиелеген бала да ештеңеге алаңдамай, бақытты ғұмыр кешеді. Ал некенің бұзылуы, толық емес отбасылардың көбеюі бүгінгі қоғамның басты мәселесіне айналып отыр. Бүгінде ажырасу дерегі көп. Тіпті, соңғы жылдары ажырасу бойынша өліміз әлемде алдыңғы елдердің қатарында. Бұл айқайлап айтатын, мақтанатын дерек емес. Өйткені, мұндай көрсеткіш елімізде отбасылық құндылықтардың әлсірегенін, жанұяда баланың болашағына қатысты жауаптылықтың азайғанын көрсетеді.



Ажырасудан ең алдымен балалар зардап шегеді. Неке бұзуға бел буған ерлі-зайыптылар ұл-қызының ертеңінен бұрын, өздерінің тыныштығын ойлайды. Бір-бірінің кемшілігін кешіре алмаған жандарды татуластыру, жарастыру бағытында жасалған жұмыстардың барлығы нәтиже бермейтінін тәжірибеден көріп жүрміз. Үлкендердің осындай менмендігінен балалар толық отбасында тәрбиелену құқығынан айырылады.

Ерлі-зайыптылар ажырасарда бір-бірін көрместей болғанымен, баласы үшін анасын артық әлемде жақсы ана жоқ екенін, әкесін де ешбір адам алмастыра алмайтынын түсінгісі келмейді. Жас ұрпаққа ананың мейірімінде де әке ақылына да зәру. Ата-ананың орнын алиментпен толтырамыз деу қате түсінік. Себебі, ешқандай ақша балаға

жақын адамның орнын алмастыра алмайды.

Осыны түсініп, біліп тұрса да көп әкелер баласына алимент төлеуден қашады. Сот орындаушылардың өндірісінде жатқан істердің басым бөлігін осы қашқын әкелердің алимент төлеуіне байланысты сот актілері құрайды. Өз баласына көп қаржы аудармау үшін небір түрлі қулыққа баратын әкелерді кім деуге болады? Тұрғылықты мекенжайын ауыстырып, жаалақысының көлемін төмендетіп көрсетіп, тапқан табысын туыстарының атына жазып қалай да алиментті аз төлеуге тырысатын әкелер кейін баласының бетіне қалай қарайды? Баланың денсаулығы мықты, жан-жақты болып өсуі үшін ешбір уақытты да, қаржыны да аямау керек. Жас кезінен өзін қызықтырған үйірмелерге барып, жайлы ортада өскен, күнделікті қажетті

заттардан қыжалат көрмеген баланың арманы асқақ, мақсаты биік. Ал баласы аш қалмау үшін күні-түні жұмыс істейтін аналардың ұл-қызына көңіл бөлуге уақыты болмайды. Ата-ана тәрбиесінен тыс қалған, бақылаусыз өскен бала өзінің болашағы туралы емес, тамағының тоқ болуын ғана уайымдайды. Осыны әкелер түсінсе дейміз.

Ажырасудың көбеюі сот жүктемесіне де өз әсерін тигізеді. Өйткені, некені бұзудың соңы баланың кіммен қалатынын анықтау, балаға алимент өндіру, баламен кездесу уақытын белгілеу секілді бір-біріне жалғасқан сот істеріне ұласады. Соттасып жүрген адамдарда түсіністік, сыйластық болмайды. Бізде ажырасқан ерлі-зайыптылардың ортақ балаға қатысты мәселені бірігіп шешу мәдениеті төмен. Бір-бірін көрместей болған жандар баланы қару етіп пайдалануды әдетке айналдырған. Неке бұзылғаннан кейін өзара келісімге келіп, балаларының болашағы үшін өкпелерінің ұмытатындар сирек. Мұның барлығы өзіміздің нәтижесі.

Ажырасудың алдын алып, балаларға тиесілі алиментті өз уақытында өндірту мәселесі мемлекет назарынан бір сәт те түскен емес. Жоғарғы Сот тарапынан қолға алынған Отбасылық сот жобасының да негізгі көздегені – жанұядағы жарасымдылықты сақтау, шаңырақтың шайқалмауына ықпал ету. Осы жоба аясында барлық аймақта көптеген іс-шаралар қолға алынды. Отбасылық сот жобасы ерлі-зайыптыларды ақылға шақырып, ашумен әрекет етпеуге, жанұя, бала алдындағы жауаптылығын ұмытпауға үндейді. Сонымен бірге, психологтың, медиатордың кеңесін алған жандардың кейде өз шешімін өзгертіп, отбасын сақтап қалуға тырысатыны байқалады.

Бір отбасын сақтап қалу – әр судья үшін үлкен жеңіс. Біз отаңға тіреу болар әрбір отбасының бүлінбеуіне, балалардың ата-анасының жанында алаңсыз өмір сүруіне қолдан келген мүмкіндікті жасауға тырысамыз.

Ы.ШОНОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

БІЛІКТІ МАМАНДАР САЛАНЫҢ МӨРТЕБЕСІН КӨТЕРЕДІ

Мемлекеттік қызметтің жұмыс сапасы халықтың пікіріне, көзқарасына қарап бағаланады. Сондықтан қай сала болсын өз қызметін халықтың талап-тілегіне сай ұйымдастырады. Қолға алынатын бастамаларында, дайындалған жоспарларында ең алдымен тұтынушы сұранысын ескереді. Сот саласындағы реформаларда дәл осы талаптардың басты орында тұратыны белгілі. Жалпы отандық соттың жанашырлықтың жаршысы, заманауи өзгерістердің көшбасшысы екені ешкімге құпия емес. Әсіресе, жаңа технология жетістіктерін сот тәжірибесіне пайдалануда оң өзгерістердің орын алғанын көпшілік көріп, біліп отыр.

«Илегеніміз бір терінің пұшағы болғандықтан» сот беделін көтеру, сот жұмысының сапасын арттыру бағытында қолға алынған оң бастамалардан сот қызметкерлері де шет қалмайды. «Саусқа бірікпей, ине ілікпейді» демекші, саладағы іс-шаралардың табысты болуы ұжымның бірлігіне, ынтымағына, ауызбіршілігіне тікелей байланысты. Бұдан бөлек, соттың оң имиджін қалыптастыруда сауатты жоспар, салмақты реформалармен бірге кадрлар әлеуеті де шешуші рөл атқаратынын мойындауымыз керек. «Кадрлар бәрін шешеді» деген бұлжымас қағида жылдар бойы жинақталған тәжірибенің жемісі. Өйткені, жұмыс дұрыс жүргізілуі үшін салаға білікті, кәсіби шебер, өз саласын жетік меңгерген, өз жұмысын жан-тәнімен жақсы көретін мамандар топтастырылуы керек. Ортақ тәртіпті сақтаудың, әдеп нормаларына қайшы келетін қадамдардан бойды аулақ салудың да сала имиджін өзгертуге ықпалы басым.

Адамдармен сыпайы сұхбаттасу, сауалдарына орнықты жауап беру, көпшілікпен жақсы қарым-қатынас орната білудің де мамандар үшін маңызы зор. Себебі, сот саласы – халыққа қызмет көрсетуші, халықпен тікелей байланыстағы қызмет екенін ескерсек, біздерге тек кәсіби маман болу жеткіліксіз, бұған қосымша халықпен



Мендігүл АСАН,
Сырдария аудандық сотының бас маманы

араласу, қатынас жасай білу мәдениетін қалыптастыру керек күттірмейді.

Сот саласына азаматтар жайдан-жай келмейді. Құқығы тапталып, шыдамы таусылып, шарасыздық жанын ауыртқаннан кейін ғана сотқа жүгінеді. Мұндай қадамға азаматтар сотқа сенгендіктен, сот көмектеседі деп үміттенгендіктен барады. Шарасыз жандардың ашуға бейім, сөз көтере бермейтіні белгілі. Сондықтан сот қызметкерлерінің азаматтарды ықыласпен тындап, сабырға шақыруының өзі сотта жеңіске жеткендей әсер етуі мүмкін. Көпшіліктің ризашылығын алу, алғысына бөлену салаға қатысты оң пікірдің қалыптасуына негіз қалайды. Ал бедел бір күнде қалыптаспайды. Халықтың ықыласына ие болуға, саланың беделін жоғарылатуға күнделер емес, жылдар кетеді. Осынаша еңбекпен жеткен жетістікті жоққа шығармау үшін әр қызметкер өз ісін адал атқарып, теріс әрекеттерден тыйылуы керек. Білімділік, біліктілік, жоғары моральдық-этикалық бейне, адамгершілік әрбір мемлекеттік қызметшінің бойында үйлескен жағдайда – мемлекеттік қызметшінің «жоғары имиджі» жасалады. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МЕРЕЙ

ЖҮЙЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
НЕГІЗДЕРДІ НЫҒАЙТТЫ

Конституцияға сәйкес республикада мемлекеттік билік біртұтас. Ал Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципін сәйкес жүзеге асырылады.

Тиімді сот жүйесі Қазақстанның серпінді дамуының маңызды негіздерінің бірі болып табылады. Өйткені, сот төрелігін жүзеге асырудың жоғары деңгейі мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында жүргізіліп жатқан қайта құрулар табыстылығының негізгі факторы.

Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар және заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

Сот ісін жүргізудің негізгі міндеті адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ, құқықтық кепілдіктердің барлық спектрін тиімді қамтамасыз ету және оларды іс жүзінде жүзеге асыру. Тәуелсіздік жылдарында

республикада сот жүйесінің толыққанды құқықтық негізі жасалды деп сеніммен айтуға болады.

Баршамызға мәлім болғандай, ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 183 қаулысымен мерекелер тізбесі «Судья және сот қызметкерлері күнімен» толықтырылды және мереке күні болып 24 маусым бекітілді. Себебі, 1992 жылдың дәл осы күні «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңы қабылданған болатын.

Бұл мереке конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қосқан үлесі үшін судьяларға, сот қызметкерлеріне құрмет ретінде белгіленді.



Ж.СЕЙТЖАПАРОВ,
Ақтөбе облысы Қобда аудандық сотының төрағасы

БАҒДАР

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі. Баршамызға белгілі сот мемлекетпен бірге пайда болды.

МАҚСАТЫМЫЗ
АЙҚЫН,
МЕЖЕМІЗ БЕЛГІЛІ

Өткенге көз жүгіртсек, 1991 жылы мемлекеттің Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін басталған саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде елімізде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді. Егеменді елдің сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды. Сол уақыттан басталған реформа кезең-кезеңімен заң-ережелер, бағдарламалар, халықаралық тәжірибе және сарапшылардың талқылауымен жетілдіріліп келеді.

Сот жүйесінің одан әрі дамуы 2000 жылғы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңның қабылдануына орай жаңа қарқын алды. Конституциялық заң сот-құқықтық реформасының кезекті кезеңіне жол ашты. Заңда республикадағы сот құрылымының принципті жаңа нормалары, соттардың қызметін ұйымдастыру тәртіптері белгіленді. Атап айтқанда, Жоғарғы Соттың шаруашылық және азаматтық істер жөніндегі алқалары біріктіріліп, әскери алқасы таратылды, мұның өзі іс жүргізу заңнамасында қарастырылғандай, сот ісін жүргізуді белгілі бір ізге түсіруге мүмкіндік берді.

Судьялардың тек сот төрелігін жүзеге асыруын, сотқа тән емес қызметтермен соттардың айналыспауын қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы Жоғарғы Сот жанында Сот әкімшілігі жөніндегі комитет құрылып, соттардың қызметін және атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету функциялары Әділет министрлігінен алынып, осы комитетке берілді. Комитет пен облыстардағы соттар әкімшілері ұйымдық, қаржылық және материалдық-техникалық функцияларды орындай отырып, жергілікті соттардың жергілікті атқарушы билік органдарының тәуелсіздігін қамтамасыз етті.

Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асанов еліміздегі сот жүйесі қызметкерлеріне ашық үндеу жариялап, барша қазақстандықтардың, бизнес өкілдері мен инвесторлардың және әлемдік қауымдастықтың сотқа деген сенімін жоғарылату міндетін алға қойды. Осындай мақсаты айқын міндеттердің нәтижесінде қазір сот саласы уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Қара қылды қак жарған кешегі билердің бүгінгі ізбасарлары дауды оңтайлы шешуге атсалысып, араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайту бағытында да өзіндік үлес қосып келеді.

Сот залына кірген судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынып, ар-ұятына жүгінуі керек. Данышпан Абай: «Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы», – деген екен. Ендеше сот үшін бұлжымайтын ереже ар-ұяттан, адамшылықтан аттамау – біздің басты ұстанымымыздың бірі.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МӘРТЕБЕ

ҚАЗЫ ӨЗ ШЕШІМІНЕ ЖАУАПТЫ

Конституцияда және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңда сот төрелігінің негізгі құқықтық қалыптасуы және республика судьяларының құқықтық мәртебесі айқындалған. Осы конституциялық заңға сәйкес, судья – сот төрелігін іске асыруға өкілеттік берілген, өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын және сот билігін жүргізуші болып табылатын мемлекеттің лауазымды адамы.

Судьяның тәуелсіздігі Конституциямен және конституциялық заңмен қорғалып, оның тәуелсіздігіне кепілдік берілген. Кепілдік етіліп берілген тәуелсіздікті теріс пайдалануға жол берілмеуі керек. Себебі, ол әр шығарған шешіміне жауапты.

Осыған байланысты заңнамамен судьялыққа үміткерлерге ерекше талаптар қойылады: таңдау қатаң, бірнеше сатылы іріктеуден өтеді. Судья болып: 30 жасқа толған, жоғары білімді, моральдық-адамгершілік қасиеттерге бай, мінсіз беделі және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, біліктілік емтиханын тапсырған, медициналық куәлан-

дырудан өткен және судьяның кәсіптік міндеттерін атқаруға келергі келтіретін ауруларының жоқ екендігін растаған, негізгі жұмыс орнынан қол үзіп, сотта ақы төленетін тағылымдамдан ойдағыдай өткен және тағылымдама қорытындысы бойынша соттың жалпы отырысының оң қорытындысын алған адам бола алады.

Қазіргі таңда біліктілік емтиханы бірыңғайландырылған: ол үшін үміткер 9 нормативтік құқықтық акт бойынша тест тапсырып: яғни 7 міндетті және 2 таңдау; эссе және кейс шешеді: кейстерді шешуге заң актілерін қолдануға рұқсат етілді. Содан соң психологиялық бағалау және әңгімелесуден өтуі керек.

Сондай-ақ, Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясын аяқтап, академия талабына сай емтиханнан сүрінбей өткен магистрант судья бола алады.

Судья әрқашан қызметіне адал, кәсіби біліктілігін көтере отырып, сотқа деген сенімді өсіреді. Ал олай болмаған жағдайда керісінше соттың беделі түседі. Судья – халықтың ары. Ардың таза болуы арқылы мемлекеттің абыройы дамып, гүлденуіне септігін тигізеді.

Гүлім ДЖАНҒЫШБАЕВА
Ақтөбе қалалық №3 сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

АТҚАРУ ҚҰЖАТЫН
ОРЫНДАУ – МІНДЕТ

Азаматтық процестік кодекске сәйкес соттың әрбір шешімі бойынша бір атқару құжаты беріледі. Атқару құжаты өндіріп алушыға, яғни, талап қоюшыға беріледі немесе оның арызы сот аумағы бойынша тиісті әділет органына не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына орындау үшін жіберіледі.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның талаптарына сай мәжбүрлеп орындатуға сот актілері негізінде ұсынылатын сот бұйрықтары мен атқарушылық парактар – үш жыл ішінде беріледі. Демек, сот шешімі ерікті түрде жауапкер тарапынан орындалмаса, талап қоюшы 3 жыл ішінде мәжбүрлеп орындатуға арыздануы керек. Тәжірибемізде 2007 жылғы сот шешімі тиісті мерзім ішінде мәжбүрлеп орындауға жолданбай, мерзімді өткізіп алғаннан кейін сотқа атқару құжаты уақытында соттың тарапынан берілмеді, сондықтан орындалмады деген желеумен арызданып, орындауға беру мерзімін қалпына келтіруді сұраған жағдай да орын алған.

Алайда, аталған іс бойынша іс материалдары толығымен тексеріліп, атқару құжатын талап қоюшының сенімхат бойынша өкілі тиісті мерзім ішінде қол қойып алғаны анықталды. Бұл жағдайда талап қоюшының өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініші қанағаттандырылмай қалдырылды. Бұл талап қоюшының заң талаптарын ескермей, жауапсыздықпен созбаландыққа салуынан өз пайдасына шешілген шешімнің орындалмауына әкеп соқтырды.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңға сай, атқарушылық құжатты орындауға беруге арналған мерзімді өткізіп алған



Бауыржан БОРАНБАЕВ,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының
кеңсе меңгерушісі

өндіріп алушы сот актісін шығарған сотқа немесе оның орындалатын орны бойынша сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасауға құқылы.

Атқарушылық парағының, сот бұй-

рығының орындауға берілген мерзімін өткізіп алу себептерін сот дәлелді деп таныған жағдайда мерзім қалпына келтірілуі мүмкін. Кейде атқару парағын жоғалтып алатын жағдайлар кездеседі. Бұл мәселе де заң шеңберінде реттелген. Азаматтық процестік кодекстің талаптарына сәйкес, атқару парағының немесе сот бұйрығының төлнұсқасы жоғалған жағдайда шешім немесе сот бұйрығын шығарған сот өндіріп алушының арызы немесе сот орындаушысының ұсынымы, әділет органының өтініші бойынша атқару құжаттарының телнұсқаларын бере алады.

Атқару құжатының телнұсқасын беру туралы арыз атқару құжатын орындауға ұсыну үшін белгіленген мерзім өткенге дейін сотқа берілуі мүмкін. Егер атқару құжаты орындау барысында жоғалған болса және бұл туралы өндіріп алушыға оны орындауға беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін белгілі болса, атқару құжатының телнұсқасын беру туралы арыз атқару құжатының жоғалғаны туралы дәлелдемелерді тексереді және зерттейді. Яғни, атқару құжатын жоғалтып алуды сот дәлелді деп танығанда ғана атқарушылық құжаттың телнұсқасы беріледі.

Қорыта айтқанда, заңды күшіне енген сот актілері, сот төрелігін жүргізу кезінде соттар мен судьялардың өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары және басқа да өтініштері барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар үшін міндетті. Сондай-ақ, соттың заңды күшіне енген шешімін орындамау заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғатыны жоғарыда көрсетілген заңдармен реттелген.

БАҒЫТ

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ
ТІРЕГІ

1991 жылы мемлекет тәуелсіздігін жариялағаннан кейін саяси, әлеуметтік, экономикалық қайта құру процесі негізінде мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланған болатын.

Сот жүйесінің қызметі ҚР Конституциясының VII бөлімінде және «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңында айқындалған. Сондай-ақ, соттың мәртебесі, оның беделі мен тәуелсіздігі мемлекеттегі заң үстемдігінің, сонымен қатар, жеке азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының нақты көрсеткіші болып саналады.

Ата Заңымызда мемлекетімізге қатысты барлық маңызды бағыттармен қатар сот жүйесінің базалық қағидаттары да көрсетілген. Бүгінгі Қазақстанның сот жүйесі халықаралық деңгейде танылған әлемнің ең озық мемлекеттерінің стандарттарына сәйкес келеді. Сондай-ақ, кешегі өткен референдумда жаңа, әділетті Қазақстанды құру жолындағы бірлігіміз бекем екенін көрсетті. Конституциялық түзетулер мемлекеттіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертіп, бүкіл қоғамның дамуына тың серпін береді деп сенеміз.

Құқық үстемдігі – заң үстемдігі. Қоғам өмірінде заң үстемдігі арқылы азаматтардың құқықтарының шынайылығы, олардың сенімді құқықтық мәртебесі, заңдық қорғалуы қамтамасыз етіледі. Ал, халықтың соттарға деген сенімі жоғары болғанда ғана, заң үстемдігі салтанат құрады.

Жанаргүл ҚОЛҒАНАТ,
Қаракия аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КИЕ

ТУҒАН ТІЛ – ТҰҒЫРЫҢ



А.МУСИНА
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

Конституцияның 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі екендігі нақтыланған. «ҚР Тіл туралы» заңының 4-бабы да мұны қуаттайды. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қар-

тынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады. Қазіргі уақытта сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану аясы жыл өткен сайын артып келеді. Сонымен қатар, мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу мәселесі де күн тәртібінен түскен жок. Бұл біздің бір күндік немесе бір кезеңдік іс-шара ғана емес, тәуелсіздігіміздің тұғырлылығы жолындағы негізгі бағыттардың бірегейі болуы тиіс. Сонда ғана діндеген межеге бұрын келеріміз анық. Мемлекеттік тіл «Барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы» екендігін әрқашан есте сақтауымыз керек. Қазіргі уақытта сот жүйесінде барлық құжаттар, іс қағаздар мемлекеттік тілде орындалады. Сот ісін жүргізу-

де басымдық мемлекеттік тілге берілген. Заң көмегін алуға келген азаматтардан бірінші қай тілді жақсы меңгереді деп сұрап, егер ол қазақ тілін жақсы білетін болса талап арыздарды қазақ тілде дайындап, қатысатын өкіл, пікірлер мен ұжымдарын қазақ тілінде жеткізуіне көмектесу керек. Мемлекеттік мекемелерден сотқа қатысқанда мемлекеттік тілді жақсы білетін, жақсы меңгерген заңгер қатысуы қажет. Дәлелдеме келтіргенде, егер мәнін орыс тілінде болса, сотқа қатысатын өкілдерге оны қазақ тілінде дұрыс жеткізу керек. Сот жүйесі қызметкерлерінің міндеті – мемлекеттік тілді барлық салада белсенді пайдалана отырып, оны дамыту, қолданылу аясын арттыруға күш салу. Сот өндірісіндегі кіріс-шығыс хат-хабарлар мемлекеттік тілде жолдана-

ды, яғни сот жүйесінде ана тіліміздің үлесі көңіл қуантарлық. Мемлекеттік тілдің ортақтасуы арқылы халықтың сотқа деген сенімі, сот білігінің беделі артады. Тілдің қолданылу аясын кеңейту және мемлекеттік қызмет салаларында іс қағаздарын ана тілімізде жүргізу, жаппай мемлекеттік тілде сөйлеу сияқты мәселелер әлі де өз деңгейінде емес. Жергілікті соттарда мемлекеттік тілде қаралған істердің жалпы саны әлі төмен. Мемлекеттік органдардың, адвокаттардың, заңгерлердің басым көпшілігі арыздар мен басқа ресми құжаттарды жазада түрлі сылтаулармен қазақ тілінен айналып өтуге тырысады. Сонымен, басқа ұйымдар мен кәсіпорындардан талап арыздарды сотқа мемлекеттік тілде тапсыруды сұрайтын уақыт жетті.

ДЕНСАУЛЫҚ

Битшендік жұқпалы ауруы туралы

Битшендікпен ауыратын наукас анықталған жағдайда, битшендік ошақтарында залалсыздандыру жұмыстарын Ұлтық сараптама орталығының филиалдары ұйымдастырады және жүргізеді. Ол Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № ҚР ДСМ-44 бұйрығының 13-параграфында белгіленген «Педикулездің алдын алу бойынша санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» негізінде, қалалық, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасынан келіп түскен өтінімдер бойынша қорытынды жасалады. Битшендік ошақтарында қорытынды дезинфекция жұмыстарына дезинсекциялық препарат қолданылады. Ошақтағы жұмсақ беттер (кілемдер, басқа еден жабындары, жұмсақ маталар және жұмсақ жиһаздар) дезинсекциялық препаратты шашырату, наукастың жеке бас гигиена заттарын толық батыру жолымен дезинфекцияланады және наукастың төсек жабдықтары, киім-кешектері арнайы қапшыққа салынып, дезинфекциялық камерада +980С температурада қыздыру жолымен залалсыздандырылады.

Битшендік – тері мен шаштың паразиттік ауруы. Инфекция көзі – наукас адам. Битшендік ауруымен ауырган адамның жеке гигиеналық заттарын (киім-кешек, төсек орындарын, тарактарын т.б.) ортақ қолданған жағдайда жұғуы мүмкін. Отбасы мүшелерінде битшендік анықталған жағдайда, міндетті түрде емдеу талап етіледі.

Қ.МЕЛДЕХАНОВА,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының камералық, ошақты және өндірістік дезинфекциялау бөлімінің эпидемиолог көмекшісі

ӨРТУРА

3. «НОМАД Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның Петропавл қаласындағы филиалы, БСН 120741007705, өзінің жаңа заңды мекенжайы туралы хабарлайды: Петропавл қаласы, Н.Назарбаев көшесі, 87, н.п.49, тел.: 8(7152)465417, 338048.

12. «Казкредит» МҚҰ» ЖШС, БСН 170840016731, мекенжайын өзгертті: Төреқұлов көшесі, 68, 412 кенсе.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, 010000 Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8, 11-кіре-беріс, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры бос лауазымдық орнына конкурсу жариялайды. Кәсіпорының орналасқан мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8. Қызметінің негізгі міндеті Қазақстан Республикасында зиялылық мүмкіндігін қалыптастыруға көмектесу болып табылады. Қызметінің мақсаты – Қазақстан Республикасының дарынды балаларын анықтау, дамыту және шама мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау. Конкурсуға қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімінің болуы, мамандығы бойынша экономика саласы кәсіпорнының бейініне сәйкес басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы. Конкурсуға мынадай тұлғалар қатыса алмайды: 1) он сегіз жасқа толмаған; 2) бұрын сыйбалас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтемеген немесе алынбаған сотталығы бар; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар. Конкурсуға қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады: 1. қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсуға қатысу туралы өтініш; 2. мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме (қағаз нұсқасы фотосуретпен қоса); 3. еркін нысанда жазылған өмірбаян; 4. білімі туралы құжаттарының көшірмелері; 5. еңбек кітапшасының (ол болған кезде) көшірмесі, ол болмаса еңбек заңнамасына сәйкес еңбек өтілін растайтын құжаттардың көшірмелері; 6. денсаулық жағдайы туралы анықтама (нысан бойынша); 7. жеке куәлігінің көшірмесі; 8. қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама. Конкурсуға қатысу үшін құжаттарды қабылдау, хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі. Байқаудың өтетін күні мен орыны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Даму және персоналды басқару департаментіне (801/1 кабинет), телефоны: 8 (7172) 74-24-19 тапсыру қажет.

15. Павлодар қалалық соты Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 83 ұй., 143 пәтер мекенжайында тұратын Сұлтанов Фарид Рамазовичтің 08.06.1972 ж.т. Қазақстан Республикасы, Панфилов ауданы, Первомайское ауылшаруашылық тұрғын ас, Сұлтанова (Халитова) Альфия Рафиковнаны хабарсыз кеткен деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. Соған байланысты ол туралы хабары бар адамдардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 айлық мерзімде Павлодар қаласы, Генерал Дюсенов көшесі, 80, тел.: 8(7182)661367, 87477126514 мекенжайы бойынша Павлодар қалалық сотына хабарлауын сұрайды.

19. «Востокцветмет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабарлама «Востокцветмет» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі (Атқарушы органның мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121) өз қатысушыларын «Востокцветмет» ЖШС басқармасының шешімімен негізінде 2022 жылғы 11 шілдеде 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайында Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектелуі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 45-бабына сәйкес, «Востокцветмет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының өткізілетіні туралы ескертуді. Қатысушыларды тіркеу 2022 жылғы 11 шілдеде көрсетілген мекенжайда 09 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүргізіледі. Жиналысқа қатысу құқығы бар қатысушылардың тізімі 2022 жылғы 10 шілденің 00 сағат 00 минуттағы жағдайы бойынша жасалады. Жиналысты өткізу, сырттай дауыс беру тәртібі Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектелуі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47, 48, 49-баптарымен реттеледі. Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Тапсыру актісін бекіту туралы; 2. «Востокцветмет» ЖШС мен «KAZ Minerals Service» (KAZ Минералз Сервис) ЖШС-нің арасындағы қосылу келісімшартын бекіту туралы Бірінші жиналыста қворум жиналмауы себепті қайта жиналыс өткізу күні – 2022 жылғы 18 шілде, 11 сағат 00 минут. Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Востокцветмет» ЖШС-нің Атқарушы органы орналасқан мекенжайда танысуға болады.

13. Өңірдегі медициналық-әлеуметтік мекемелердің ас блогітары мен кір жуу орындарын жаңғырту бойынша мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары бойынша жеке әріптестерді таңдау бойынша конкурсу өткізу туралы хабарлама Павлодар облысының әкімдігі атынан «Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ-сі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӨ) жобалары бойынша жеке әріптестерді таңдау бойынша үш конкурсу өткізілетіні туралы хабарлайды: - «Ақсу қарттар мен мүгедектерге арналған жуу әлеуметтік қызмет орталығы» КММ-нің ас блогі мен кір жуу орынын жаңғырту және пайдалану; - «Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі Павлодар арнаулы әлеуметтік қызмет орталығы» КММ-нің ас блогі мен кір жуу орынын жаңғырту және пайдалану; - «Павлодар облысының жалпы үлгідегі қарттар мен мүгедектерге арналған арнаулы әлеуметтік қызмет орталығы» КММ-нің ас блогі мен кір жуу орынын жаңғырту және пайдалану. Осы жобалар шеңберінде қолданыстағы тамақтану жүйесін өзгерту, кір жуу қызметі сапасын арттыру, жөндеу жұмыстарын жүргізу және жаңғырту жағдайларында медициналық-әлеуметтік мекемелердің ас блогіның және кір жуу орынының мүлкі мен үй-жайларын сенімгерлік басқаруға беру көзделген. **Жобалардың мақсаты:** арнайы әлеуметтік мекемеде тамақтану, кір жуу және клининг қызметтерін ұйымдастыру және көрсету процесстерін жақсарту, жұмыс істеу және үй-жайларда болуында қолайлы жағдайларын жасау, уақытылы жаңғырту, заманауи жабдықтарды орнату және қызмет алушыларға қолданыстағы талаптар мен нормаларға сәйкес сапалы қызметтер көрсету. **МЖӨ жобасын іске асыру кезеңі: 7 жыл; Жобаны іске асыру орны:**

п/п	Елді мекен	МЖӨ жобаның атауы	МЖӨ жобасының құны/ инвестициялар көлемі, мың теңге
1	Павлодар облысы, Ақсу к.	«Ақсу қарттар мен мүгедектерге арналған арнаулы әлеуметтік қызмет орталығы» КММ-нің ас блогі мен кір жуу орынын жаңғырту және пайдалану	53 049,884 мың теңге
2	Павлодар облысы, Павлодар қ.	«Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі Павлодар арнаулы әлеуметтік қызмет орталығы» КММ-нің ас блогі мен кір жуу орынын жаңғырту және пайдалану;	12 518,88 мың теңге
3	Павлодар облысы, Павлодар қ., Н.Назарбаева даңғылы, д.284	«Павлодар облысының жалпы үлгідегі қарттар мен мүгедектерге арналған арнаулы әлеуметтік қызмет орталығы» КММ-нің ас блогі мен кір жуу орынын жаңғырту және пайдалану.	56 604,360 мың теңге

Мемлекеттің қатысу нысаны: ҚР «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» заңының 27-бабы 1 т. 2. Сәйкес Мемлекеттік меншік объектілерін пайдалану құқығын беру. Мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде арнаулы әлеуметтік қызметтер құнын өтеу жөнінде әріптестік үшін шығындарды өтеу мен кірістерді алу көзделі болады. «МЖӨ туралы» заңның 9-тармағының 2-тармағы – мемлекеттік – жекеменшік әріптестік объектісін пайдалану процесінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу, дереккөз-объектістік бюджет, әкімші 256 – «Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ. Жобалар техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей жобаларға жатпайды. Конкурсуға «МЖӨ туралы» ҚР заңының 32-бабында белгіленген біліктілік талаптарына жауап беретін барлық әлеуметтік жекеменшік әріптестер жіберіледі. Конкурсуға қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі конкурстық құжаттамада көрсетілген. Конкурстық құжаттама тегін беріледі, қосымша ақпаратты телефон _____ арқылы алуға болады, байланысушы тұлға: _____ **Байланысушының орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 59, 2 қабат, каб.217. **Құжаттарды ұсынуының соңғы мерзімі:** 2022 жылғы 11 шілде сағат 17:00-ге дейін.

14. «Екібабасту қаласында қарт адамдар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығын ұйымдастыру» МЖӨ-нің бір үлгідегі екі жобасы бойынша жеке әріптестерді таңдау жөніндегі конкурстық өткізу туралы хабарлама Павлодар облысының әкімдігі атынан «Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ-і, Екібабасту қаласында Қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін орталық ұйымдастыру мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӨ) жобалары бойынша жеке әріптестерді таңдау бойынша бір үлгідегі екі конкурсу өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалар конкурсу қорытындысы бойынша әлеуметтік жекеменшік әріптестер (конкурс жемішпаздары) жеке меншіктегі немесе ұзақ мерзімді жалға алынған мүлік негізінде Екібабасту қаласында облыстың 25 қарттары мен мүгедектеріне әрбір жұма шеңберінде арнаулы әлеуметтік қызметтер, оның ішінде 20 бюджеттік негізде және 5 ақалы негізде көрсететін болады. Жобалардың мақсаты: мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін пайдалану есебінен жеке бизнес өкілдерінің стационар жағдайында халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына сәйкес облыстың қарттары мен мүгедектеріне көрсететін арнаулы әлеуметтік қызметтер көлемін ұлғайту. **МЖӨ жобасын іске асыру кезеңі: 5 жыл; Жобаны іске асыру орны:** Павлодар облысы, Екібабасту қаласы. Мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде арнаулы әлеуметтік қызметтер құнын өтеу жөнінде әріптестік үшін шығындарды өтеу мен кірістерді алу көзделі болады. «МЖӨ туралы» заңның 9-тармағының 2-тармағы – мемлекеттік – жекеменшік әріптестік объектісін пайдалану процесінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу, дереккөз – объектістік бюджет, әкімші 256 – «Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ. Конкурсуға «МЖӨ туралы» ҚР заңының 32-бабында белгіленген біліктілік талаптарына жауап беретін барлық әлеуметтік жекеменшік әріптестер жіберіледі. Конкурсуға қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі конкурстық құжаттамада көрсетілген. Конкурстық құжаттама тегін беріледі, қосымша ақпаратты телефон _____ арқылы алуға болады, байланысушы тұлға: _____ Конкурстық ұйымдастырушының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 59, 2 қабат, каб.217. **Құжаттарды ұсынуының соңғы мерзімі:** 2022 жылғы 11 шілде сағат 17:00-ге дейін.

16. «АксорКапитал «МҚҰ» ЖШС Шымкент қ. филиалының жабылуына байланысты, сұрақтар бойынша ұйымның бас кеңесшісі БСН 151040008929 мына мекенжайы бойынша хабарлауыңызды сұраймыз: 050000, ҚР, Алматы қ., Алмалы ауданы, Желтоқсан к-сі, 96/98, байланыс нөмірі 87273131998, 877555544554.

18. Лисаков қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі мемлекеттік мекемесінде 2022 жылғы 3 тоқсанға жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтардың қабылдауын жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтардың қабылдауын жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтардың қабылдауын жүргізетін күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, кабинеті	Байланыс телефоны
«Лисаков қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Патрикеева Надежда Николаевна	Басшы	Сейсенбі, бейсенбі сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін	Лисаков қаласы, Мир көшесі, 31, «Ақимат адалдық алаңы»	3-45-21

«Лисаков қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қызметшілердің сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылығы және қызмет этикасының нормаларын бұзу фактілерін хабарлау үшін 3-45-21 сеним телефоны жұмыс істейді.

БАНКРОТПЫҚ

2. Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 31 мамырдағы ұйғарымымен «Atmopia SPA» ЖШС-н (БСН 121040013107) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

МҰРАҒЕРЛІК

18 сәуір 2022 жылы қайтыс болған азамат Жубанов Сарыбай Измағановичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға, Атырау қаласы, Авангард Зықш. ауд. 75 ұй., 5 кенсе хабарласуларын сұраймыз.

ТАРАТУ

6.«Казфосфат аншылары мен балықшылары» ҚБ (БСН 130740015990) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Тараз қаласы, Абай даңғылы, 126 ұй мекенжайы бойынша қабылданады.

7.«ALIF CONTRACT» ЖШС, ЖСН 180340002359 өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Барлық талаптар баспаға шыққаннан бастап 2-ай көлемінде төменгі мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қ-сы, Қасым Қайсенов к-сі, 6-25, тел.: +77788043337.

9.«Абайхан 18» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 180440040771) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Златополье ауылы, Центральная көшесі, 43 ұй., 2 пәтер.

10.«Алмат-88» ЖШС БСН 20 02 40 02 00 22,өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайы бойынша қабылданады. Қазақстан Республикасы, 0 500 45, Алматы қ, Бостандық ауданы, Нұр Алатау ш/а, Еркеғали Рахмадиев к-сі, 21-ұй.

11.«ГЛОБАЛ ХОЛДИНГ» ЖШС (БСН 081240011247) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде талаптар мына мекенжайда қабылданады: 050004, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 59.

17.«TurKaz Caspy» ЖШС-і, ЖСН 100640006635, Атырау қ., Сәтбаев көшесі 5 Б ұй., пәтер 34, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайы бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Абай көшесі, 9 А. Тел. 87775207681

Солтүстік Қазақстан облысы сот жүйесінің судьялары мен ардагерлері Алматы қалалық сотының судьясы **Біржан Отантайұлы КӘРІБЖАНОВТЫҢ** туыстары мен жақындарына, оның мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кенсе.

«KAIGOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесін қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривонова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 55, Пушкин көшесі, 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрсисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-al@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шашт

КЕЛБЕТ

Саналы ғұмырын сот саласына арнаған, ерекше қасиеті бар тұлғалар аз емес. Солардың қатарында Сыр елінде қазақ қыздарының арасынан шығып, сот билігін жүргізген, жастайынан халыққа қызмет еткен Ғалия Шакетқызы Шыңғысова да бар.

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

«Құрметті судья» атағының иегері – Ғалия Шакетқызы 1971 жылдан бастап Әділет министрлігінде жауапты қызметтер атқарып, 1979 жылдан бастап зейнет жасына дейін, отыз жылға жуық осы өлкенің облыстық сотында сот төрелігін жүзеге асырды. 1993–2002 жылдар аралығында тоғыз жыл Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасын басқарып, 2001–2002 жылдар аралығында облыстық сот төрағасының міндетін абыроймен атқарған жалғыз әйел. Қазіргі таңда құрметті демалысқа шығып, бейнеттің зейнетін көріп отырған абзал ана, ардақты әже, қажы апа.



Сот саласының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін ҚР Президентінің медалімен, Әділет министрінің, ҚР Жоғарғы Соты төрағасының Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ғалия Шакетқызы ҚР Судьялар одағының «Үш би» белгісінің, «Сот саласының Құрметті қызметкері», Судьялар одағының «Құрметті мүшесі» белгілерінің иегері атанды. Мысыр елінің Әділет министрінің қолынан күміс медаль алды.

Үлкен мәдениет пен парасат иесі бола білген Ғалия Шакетқызы сот жүйесіне елеулі үлесін қосудан қатар өзінен кейінгі ұрпаққа үлгі бола білген тұлға. Өзінің қадір-қасиетімен көпке сыйлы болған Ғалия апамыз өмірлік өнегесін қызмет жолында өзінен кейінгі ұрпаққа үйретіп, шәкірттер тәрбиеледі. Сот саласына келген жас буын өкілдері білікті маманды қатты құрметтеп, қызметтің қыр-сырын ол кісіден үйренуге ұмтылады.

Жанға сая мәуелі ағаштай Ғалия Шакетқызы айналасына даналық ұлағатын шашты. Парасаттылық үлгісі болды.

Бүгінгі таңда ол кісінің тәлімін алған кез келген маманның ойында: «Менің орнымда Ғалия Шакетқызы болса не істер еді» деген ой келіп

тұрады. Себебі, ол кісі қандай жағдайда болмасын кез келген мәселеге өзінің парасаттылығымен қарап, салмақпен баға беретін ерекше қасиеттің иесі.

Өзінің сезімталдық қасиетімен әр адамның жанына үңілетін, қысылса қол ұшын созатын, жастардың қателігін түзеуге мүмкіндік беретін. «Дүниеде теңіз – терең емес, әйелдің жаны – терең» дегендей, Ғалия апамыздың өмірлік жолы – өнеге, жаны – дария, тәлімі – дана. Ғалия Шакетқызы өз мүддесінен халық аманатын жоғары қоятын адал тәлімгер.

Қазақта «Екі адам мақтаса атың шығады, одан көп адам мақтаса даңқың шығады» дейді. Ғалия Шакетқызы сияқты қазақтың маңдайына біткен асыл азаматтардың даңқы әрқашан әспеттеліп, ел құрметіне бөленгені абзал. Мерейлі мерекеде мәртебеніз асқақтай берсін, аяулы ұстаз, білікті тәлімгер дегім келеді.

Тұлжан МЫРЗАТАЕВА,
Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

МАЛ ҰРЛЫҒЫ

«ДАЙЫН АСҚА ТІК ҚАСЫҚ...»

Мал ауыл тұрғындарының жалғыз табыс көзі. Өкінішке қарай, мал ұрлығы ауылдық жерлерде қалыпты жағдайға айналып барады.

Әсіресе, малынан айырылу малмен күн көріп отырған отбасылары үшін өте ауыр. Осы орайда мал ұрлығына тосқауыл қою, оның алдын алу мақсатында осы санаттағы қылмыс үшін жаза қатаңдатылды.

2019 жылғы 27 желтоқсандағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен Қылмыстық кодекске 188-1 бап енгізілді. Онда мал ұрлығы бойынша жаза көзделген. Жазаның ең ұзақ мерзімі 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Бұл бап ауыр қылмыстар санатына жатады және сотталушыға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады.

Қазіргі таңда тараптарды татуластыру арқылы жауапкершіліктен құтылу мүмкіндігі алынған тасталған. Бұрынғы кезде татуласу мүмкіндігі болса, енді мал ұрлағандар мен малынан айырылғандар ымыраға келе алмайды.

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының №2 аудандық соты осы жылы екі қылмыстық іс қарап, кінәлілерге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Алайда, сотталғандардың жасаған қылмыстарын мойындап, өкінулері мен жәбірленушіге келген зиянның орнын толтырғандығы ескеріліп, оларға бас бостандығынан айыру жазасының ең төменгі шегі тағайындалды.

Назым БЕКБАУОВА,
Күршім ауданы №2 сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КЕГЕЛ

Соңғы жылдары елімізде алаяқтық істері көбейіп барады. Әсіресе, ғаламтор алаяқтары түрлі қитұртқы тірліктерге барып, халықтың қалтасын қағуда. Ғаламтордың мүмкіндігін пайдаланып, айласын асыратын алаяқтардың әдіс-тәсілдері де күн сайын өзгеріп, жаңарып отыруда.

Статистикаға көз салсақ бүгінгі күні ғаламтор арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар алаяқтықтың ішінде ең жиі кездесетіндері екен.

Ғаламтор алаяқтары шекараның арғы бетінде отырып-ақ өз ойын жүзеге асыра береді. Сол себепті қылмыстың бұл түрін ашуға бірталай уақыт жұмсауға тура келеді. Өйткені, өзге елде жүрген күдіктінің немесе жәбірленушінің жеке тұлғасы мен мекенжайын анықтау үшін шет мемлекеттегі құқық қорғау органдарына сұрау салу мен тапсырмалар жіберу міндетті болып саналады. Яғни алаяқтың әрекетін дәлелдеу көп

ПІКІР

ЖАСТАР ҚАТЕЛІКТЕН САБАҚ АЛСА ИГІ

Жасөспірімдердің арасында әртүрлі қылмыстың терең тамырлануы кімді болса да, алаңдатпай қоймайды. Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға саналы адам қалыптастыру мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі. Ал ол міндетті іске асыру жасөспірімді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінеді. Бесіктен бөлі шықпай жатып, әрбір оғаш қсдамына сәлт етпей сергек қараған жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке баруына не себеп?

Қылмысқа барған жасөспірімдерге топ құру, топ болып әрекет ету тән. Осындай жасөспірімдер ересек кісілермен салыстырғанда жалғыз өзі қылмыс жасауға өте сирек баратындығы практикалық тұрғыдан дәлелденген.

Мысалы, Қызылорда облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында кәмелетке толмаған айыпталушы А. соттың 16 ақпан 2022 жылғы үкімімен ҚК-нің 293-бабының 3-бөлігінің 2-тармағымен кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған. Сондай-ақ ҚК-нің 63-бабы қолданылып, тағайындалған жаза шартты деп саналып, оған 1 жыл мерзімге пробациялық бақылау белгіленді. Алайда, небәрі 4 күн өткеннен кейін, қылмыстық құқық бұзушылық қайталанды. Қайталанған қылмысында сотталушы А. балалардың төбелесіне өзімен бірге жасырын түрде пышақ алып барып, төбелес орнында жәбірленуші Р.-дың арқа тұсынан бір мәрте соққы жасап, дене жарақатын салып, оқиға болған жерден бой тасалаған. Сотталушы А. өзінің жасаған қылмысын мойындап, ол үшін өкінетіндігін айтты. Кәмелетке толмаған сотталушы А.-ға 3 жыл мерзімге

БІЛГЕН ЖӨН

ТАУАР БЕЛГІСІН ПАЙДАЛАНУ ШАРТЫ

Тауар белгісінің иесі тауар белгісін пайдалануға міндетті. Тауар белгісін басқа тауар белгісімен қатар пайдалануды шектеуге, тауар белгісін өзгертілген түрде, оның ішінде басқа шрифтіде, басқа түсте орындауға, басқа нысанда пайдалануға немесе тауар белгісінің бір жеке немесе заңды тұлғалардың тауарларын (көрсететін қылмыстары) басқа жеке немесе заңды тұлғалардың біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) айыратын қабілетіне нұқсан келтіретіндей тәсілмен пайдалануға тыйым салынады. Делдалдық қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлер тауар жасаушы келісім берген жағдайда өз белгісін олар өткізетін тауарларда тауар жасаушының тауар белгісімен қатар пайдалануға, сондай-ақ оны жасаушының тауар бел-

АЛАЯҚТЫҚ КӨБЕЙІП БАРАДЫ

уақыт алады. Сондықтан ғаламтор алаяқтарының құрбандары кейде құқық қорғау орындарына шағымданбай, қолды бір сілтей салады. Ал алаяқтың құрбандары одан сайын көбейе береді. Сондықтан барынша сақ болу керек және басқаларды да сақтандырып отыру керек. Есіңізде болсын алаяқтарға жеңіл пайда табуды көздеген немесе бір нәрсеге оңай әрі тез қол жеткізуді мақсат еткен жәбірленушілер ұрынып жатады. Сондықтан осындай сипаттағы істерден өзіңізді аулақ ұстаңыз!

Ғаламтор алаяқтарынан сақ болу үшін қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтап, дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламау қажет. Белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбей, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмай, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпай, кез келген сілтеме бойынша өтпей, спам хабарламаларға сенбей өзіңіз де, айналыңыз да

мүмкіндігінше сақ болса, алаяқтардың арбауынан айналып өтуге болады.

Жылжымайтын мүлікті сату және сатып алу кезінде барлық іс-шараларды, сондай-ақ, ақшалай қаражаттарды қарызға алуды тек нотариус арқылы рәсімдеу қажет. Келісімшарттың барлық тармақтарын мұқият оқу керек. Келісімнің барлық ережелерімен келіскенше және түсінікті болғанша ешқандай қол қоймай, түсініксіз болса түсіндіруді өтініп, егер де келісімшарттың қандай да бір тармағы жазбаша көрсетілмесе, тек ауызша болса, онда сол тармақты жазбаша ендіруін сұрау, әрқашанда адамдар мен заңды тұлғалардың мекенжайын, телефонын және басқа да байланыс түрлерін нақтылау, ол туралы интернет ресурстары арқылы анықтама алу қажет. Сонда ғана алаяқтықтың азаюына ықпал ете аламыз!

Қалима ДУАНБЕКОВА,
Әуезов аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалды. Және бұған дейінгі соттың 16 ақпан 2022 жылғы шығарған үкімімен кәмелетке толмаған сотталушы А.-ны шартты түрде соттаудың күші жойылды. Үкім заңды күшіне енген.

Өскелең ұрпақ ел болашағы десек, оның тәрбиесі мен тәртібі басты назарда болуы шарт. Теріс әдетке бет бұрып, жат ортаға түскен бозбаланың болашағы жарқын болмайды. Сот отырысында кәмелетке толмағандарға жаза қолданып, үкім шығарар алдында алдымен, қателігінен сабақ алуын, өкініш танытқан жасөспірімдерді түзету барысын назарға аламыз.

Қ.БЕРЖАНОВ,
Қызылорда облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №78 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

Батыс Қазақстан облысы